

## Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы мәслихатының 2012 жылғы 19 қарашадағы N 64 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 желтоқсанда N 4366 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 115 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 20.09.2017 № 115 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағына, сондай-ақ "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 Қаулысына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

"Қармақшы ауданында аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтің ақысын төлеуге арналған тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының N 178, 2010 жылдың 14 сәуірдегі кезектен тыс 25-сессиясының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10-5-137 нөмірімен тіркелген, " Қармақшы таңы" газетінің 2010 жылғы 5 маусымдағы N 48 санында жарияланған ) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық  
мәслихатының кезектен тыс  
9-сессиясының төрағасы  
Қармақшы аудандық  
мәслихат хатшысы*

*О. Бодыбаев*

*М. Ерманов*

Қармақшы аудандық мәслихатының  
2012 жылғы "19" қарашадағы  
кезектен тыс 9-сессиясының  
N 64 шешіміне қосымша

## **Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі**

Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне" сәйкес әзірленді.

### **1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

1. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің" 2-тармағында көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табыстың Қармақшы ауданы тұрғындары үшін 12 пайыз, Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін 14 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.07.2015 № 281 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алынып тасталды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 30.06.2014 N 186 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтінішпен жүгінеді және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулысымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің" 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

### **2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі пайдалану нормаларына сәйкес жүргізіледі:

- 1) Электр қуатын пайдалану нормалары 1 айға:
  - 1 адамға - 70 киловатт сағатына;
  - 2 адамға - 140 киловатт сағатына;
  - 3 адамға - 210 киловатт сағатына;
- 4 және одан да көп адамға - 250 киловатт сағатына.
- 2) Газ пайдалану нормалары 1 айға:
  - 4 адамға дейін - 10 килограмм;
- 4 және одан да көп адамға - 20 килограмм.
- 3) отын пайдалану от жағу маусымына:  
отбасына (азаматқа) айына - 1 тонна.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 30.06.2014 N 186 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).